

Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Қобда ауданының Сарбұлақ ауылдық округі әкімінің 2014 жылғы 5 мамырдағы № 2 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 11 мамырда № 3891 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Қобда ауданы Сарбұлақ ауылдық округі әкімінің 2014 жылғы 25 желтоқсандағы № 08 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Қобда ауданы Сарбұлақ ауылдық округі әкімінің 25.12.2014 № 08 шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін – өзі басқару туралы» Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі «Ветеринария туралы» Заңының 10-1 бабына сәйкес және Қобда аудандық аумақтық инспекциясының Бас мемлекеттік ветеринариялық-санитарлық инспекторының 2014 жылғы 23 сәуірдегі ұсынысының негізінде Сарбұлақ ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Сарбұлақ ауылдық округінің Сарбұлақ ауылы аумағында ірі мүйізді мал арасында бруцеллез жұқпалы ауруының ошағы анықталуына байланысты, шектеу іс-шаралары белгіленсін.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланған күні қолданысқа енгізіледі.

Ауылдық округ әкімі	Е. Утегенов
---------------------	-------------